

## Жүзеге асырылатын міндеттерді орындау үшін қажетті және жеткілікті дербес деректердің тізбесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2013 жылғы 29 тамыздағы № 08-1-1-1/375 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 10 қазанда № 8797 тіркелді.

### **РҚАО-ның ескертпесі!**

Осы бұйрық қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз.

"Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырдағы Заңының 25-бабы 2-тармағының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған жүзеге асырылатын міндеттерді орындау үшін қажетті және жеткілікті дербес деректердің тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Әкімшілік және бақылау департаменті осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және оның Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Интернет ресурсында жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық ресми жариялануға тиіс және 2013 жылғы 25 қарашадан бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр

Е. Ыдырысов

Қазақстан Республикасы  
Сыртқы істер министрінің  
2013 жылғы 29 тамыздағы  
№ 08-1-1-1/375  
бұйрығымен бекітілген

## Жүзеге асырылатын міндеттерді орындау үшін қажетті және жеткілікті дербес деректердің тізбесі

Ескерту. Тізбеге өзгерістер енгізілді – ҚР Сыртқы істер министрінің 22.06.2020 № 11-1-4/200 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 14.03.2025 № 11-1-4/139 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

р/с №	Сыртқы істер министрлігімен жүзеге асырылатын міндеттерді орындау үшін қажетті және жеткілікті дербес деректердің атауы
1.	Тегі
2.	Аты

3.	Әкесінің аты (бар болған жағдайда)
4.	Тегін, атын, әкесінің атын ауыстырғаны туралы мәліметтер
5.	Тегі мен атының транскрипциясы
6.	Туу туралы мәліметтер: туған күні; туған жері
7.	Нәсілдік және ұлттық тиістілігі
8.	Діні
9.	Жынысы
10.	Жанұялық жағдайы туралы мәлімет: Некедегі жағдайы; неке қию туралы куәлік деректері; неке бұзу туралы куәлік деректері; жұбайының тегі, аты, әкесінің аты; жұбайының жеке басын куәландыратын құжаттың деректері; туыстық дәрежесі; отбасының басқа мүшелерінің, асырауындағы адамдардың тегі, аты, әкесінің аты және туған күндері; балаларының (оның ішінде асырап алған, қамқорындағы) бар болуы және олардың жасы
11.	Азаматтығы туралы деректер: азаматтығы (бұрынғы азаматтығы); Қазақстан Республикасының азаматтығын алған күні; Қазақстан Республикасының азаматтығын алу негізі ; Қазақстан Республикасының азаматтығынан айрылған күні; Қазақстан Республикасының азаматтығынан айрылу негізі; Қазақстан Республикасының азаматтығын қайта алған күні; Қазақстан Республикасының азаматтығын қайта алу негізі; Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығу күні; Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығу негізі
12.	Еңбек кітапшасының нөмірі, сериясы және берілген күні туралы мәліметтер
13.	Еңбек қызметі туралы деректер: лауазымының, құрылымдық бөлімнің, ұйымның, оның атауын толық көрсету; жалпы және үздіксіз еңбек өтілі; мекенжайлары және телефондары, сондай-ақ оларда бұрын атқарған лауазымының толық атауын және

	осы ұйымдарда жұмыс істеген уақытын көрсете отырып, басқа ұйымдардың деректемелері
14.	Білімі, біліктілігі және арнайы атақтарының немесе арнайы даярлығының бар болуы туралы мәлімет: оқу орнына түскен күні (оқу орнынан шығарылған күні); дипломның, куәліктің, аттестаттың немесе білім беру мекемесін бітіргені туралы басқа да құжаттың сериясы, нөмірі, берілген күні; білім беру мекемесінің атауы және орналасқан жері; факультеті немесе бөлімшесі, білім беру мекемесін бітіргеннен кейінгі біліктілігі және мамандығы; ғылыми дәрежесі; ғылыми атағы; дипломатиялық ранг; шетел тілдерін білуі
15.	Біліктілігін арттыру және қайта даярлау туралы мәліметтер: Біліктілігін арттыру және қайта даярлау туралы құжаттың сериясы, нөмірі, берілген күні; білім беру мекемесінің атауы және орналасқан жері; білім беру мекемесін бітіргеннен кейінгі біліктілігі және мамандығы (бар болған жағдайда)
16.	Тұратын жерінің мекенжайы, тұрғылықты жері тіркелу күні
17.	Байланыс телефондарының нөмірлері
18.	Мінездеме
19.	Жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН)
20.	Бизнес сәйкестендіру нөмірі (БСН)
21.	Портреттік бейнесі (цифрланған суреті)
22.	Қолы
23.	Жеке басын куәландыратын құжаттың деректері: құжаттың атауы; құжаттың нөмірі; құжаттың берілген күні; құжаттың жарамдылық мерзімі; құжатты берген орган;
24.	Жеке басты куәландыратын құжаттардың жарамсыздық, жоғалту, жою себептері туралы мәліметтер;
25.	Ауруының бар болуы (болмауы);
26.	Уақытша еңбекке жарамсыздығы туралы мәліметтер ;
27.	Соттылығының бар болуы (болмауы);
28.	Қылмыстық жауапкершілікке тартылғаны: Қылмыс жасауда күдікті немесе кінәлі ретінде тартылғаны;

	Қылмыстық істі сотқа беру; Қылмыстық істі тоқтату
29.	Әскери міндетті адамдарды және әскери қызметке шақыруға жататын адамдарды әскери есепке алу туралы мәліметтер: әскери билеттің сериясы, нөмірі, берілген (тапсырған) күні; әскери билетті берген органның атауы; әскери-есепке алу мамандығы; әскери атағы; есепке алу/шығару туралы деректер; әскери қызметтен босату негізі
30.	Еңбекақысы туралы мәліметтер: жалақысының мөлшері; үстемеақылар мөлшері; аударылған салықтар мөлшері
31.	Мемлекеттік және ведомстволық наградалары, құрмет және арнайы атақтары, көтермелеулері туралы мәліметтер: Награда, атақ немесе көтермелеу атауы немесе аты; Марапаттау туралы актінің күні мен түрі немесе көтермелеу күні
32.	Әлеуметтік жеңілдіктер және әлеуметтік мәртебесі туралы мәліметтер (жеңілдіктер мен мәртебені беруге негіз болып табылатын құжаттың сериясы, нөмірі, берілген күні, құжатты берген органның атауы)
33.	Электрондық мекенжайы, Интернет-ресурстарындағы сайты
34.	Мүлкі (мүліктік жағдайы) туралы мәліметтер: автокөлік (маркасы, тіркелген орны); орналасу мекенжайлары; жылжымайтын мүлік объектілерін алу әдісі және негізі;
35.	Жүргізуші куәлігі
36.	Сенімхат
37.	Төлемдік тапсырыстар, төлем туралы түбіртектер
38.	Азаматтық-құқықтық немесе еңбек шартының мазмұны және деректемелері;
39.	Банктік шотының бар болуы;
40.	"Мемлекеттік сатып алу туралы" 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңымен бекітілген тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің әлеуетті өнім берушілермен ұсынылатын біліктілік талаптарын растауға арналған мәлімет
41.	Аттестаттау, қызметтік тексеріс материалдары;
42.	Алимент алуға құқығы бар адамдар туралы ақпарат

43.	<p>Дипломатиялық және қызметтік паспорттарды беру туралы мәлімет:</p> <p>Паспортты ресімдеу үшін іссапарға жіберуші орган уәкілетті адам арқылы өтінім хат; іссапарға жіберу туралы бұйрық</p>
44.	<p>Визаларды беру туралы мәлімет:</p> <p>Визаның мәртелігі, қолдану мерзімі, болу кезеңі; визаны берген, ұзартқан орган; Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетімен келісу, визаны беруден бас тарту немесе күшін жою негіздемесі; визалық қолдау; растама хат; өтініш берушінің азаматтығы бар мемлекеттің немесе тұрақты тұрып жатқан жердің құзыретті органдарымен берілген шетелге тұрақты шығуға рұқсат беретін құжаты; Қазақстан Республикасында болу кезеңінде төлем қабілеті бар екендігін дәлелдейтін құжат</p>
45.	<p>Шетелдегі Қазақстан Республикасының азаматтарын есепке алу: толтырылған есепке алу карточкасы</p>
46.	<p>Қазақстан Республикасының шетелдердегі азаматтарының азаматтық хал актілерін тіркеу үшін ұсынылатын мәліметтер</p>
47.	<p>Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзетін кемелер туралы мәлімет:</p> <p>кемеге меншік құқығын растайтын құжат; кемені бұған дейін тіркеген мемлекеттің билік орындары берген кемеңіз бұл мемлекеттің кеме тізілімінен шығарылғанын және ипотека ауыртпалығы жоқтығын куәландыратын құжат; өлшем куәлігі; біліктілік куәлігі; жолаушы куәлігі;</p>
48.	<p>Қазақстан Республикасының аумағында шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарының тілшілерін аккредитациялау туралы мәлімет:</p> <p>аккредитацияланған күні; аккредитацияны тоқтату немесе айыру күні мен негіздемесі; отбасы мүшесінің карточкасының немесе корреспонденттік пункттің техникалық қызметкерінің карточкасын аккредитациялау туралы куәліктің деректері</p>
	<p>Қазақстан Республикасындағы шет мемлекеттердің дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктерінің, халықаралық ұйымдардың және (немесе) олардың өкілдіктерінің басшыларын, персоналы мүшелерін, шет мемлекеттердің консулдық мекемелерінің жұмыскерлерін, әскери,</p>

49.	теңіз және авиациялық атташелерін аккредиттеу туралы мәлімет: аккредиттеу күні, мерзімі; аккредиттеуді тоқтату немесе күшін жою негізі, күні ; аккредиттелген куәліктің деректері
-----	---

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК